

Жарқынбаева Р.С.¹, Уразбаева А.М.²

¹тарих ғылымдарының докторы, Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры, e-mail: r_seidali@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, e-mail: Akzhamal.Urazbaeva@kaznu.kz

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДА:
МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫ**

XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстарда, әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыста саны жағынан өте көп мөлшердегі әйелдер қатысты. Соғыс жылдары кеңестік әйелдер, соның ішінде қазақстандық әйелдер төніп тұрған қауіп ықпалынан соғыс таукіметінің ауыр жүгін арқалауға қабілетті қоғамның мықты бөлшегіне айналды.

Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі әйелдер рөлінің кеңестік және посткеңестік тарихнамадағы талдануы қарастырылады. Кеңестік және посткеңестік зерттеулердің ерекшеліктері айқындалады. Аталған тақырыпқа деген соңғы жылдардағы қызығушылықтың артуына қарамастан, Ұлы Отан соғысына әйелдердің қатысуы мәселесі жеткілікті деңгейде ашылмай отыр.

Гендерлік тұрғыдан зерттеу арқылы соғыстың көптеген социомәдени, экономикалық және саяси мәселелері мен оның зардаптарын шынайы бағалауға мүмкіндік алуға болады.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, Қазақстан, тарихнама, гендер, трансформация, майдан, тыл, мобилизация, күнделікті өмір, ерлік

Zharkynbayeva R.S.¹, Urazbayeva A.M.²

¹Doctor of Historical science, Professor of the Department of World History, Historiography and Source Studies, e-mail: r_seidali@mail.ru

²Candidate of historical science, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, e-mail: Akzhamal.Urazbaeva@kaznu.kz

al-Farabi Kazakh National University named after, Kazakhstan, Almaty

**Kazakhstan Women in the Great Patriotic War:
to the Problem of Historiography**

In the world wars of the XXth century, especially in the Second World War, an unprecedented number of women took part. During the war years, Soviet women, including women of Kazakhstan, under the influence of the impending threat, turned into a strong part of society, able to endure all the hardships of wartime on their shoulders.

The article examines the problems of Soviet and post-Soviet historiography about the role of women in Kazakhstan during the Great Patriotic War. The specifics of Soviet and post-Soviet studies are shown. It is noted that, despite the growing interest of researchers to this topic in recent years, the history of women's participation in the Great Patriotic War in general remains not sufficiently disclosed.

It is assumed that the use of gender approach will allow to adequately assess many socio-cultural, economic and political problems of war and its consequences.

Key words: the Great Patriotic War, Kazakhstan, historiography, gender, transformation, front, rear, mobilization, everyday life, heroism.

Жаркынбаева Р.С.¹, Уразбаева А.М.²

¹доктор исторических наук, профессор кафедры Всемирной истории, историографии и источниковедения, e-mail: r_seidali@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент кафедры истории, e-mail: Akzhamal.Urazbaeva@kaznu.kz

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Казахстанские женщины в Великой Отечественной Войне: к проблеме историографии

В мировых войнах XX века, особенно во Второй мировой войне, приняли участие беспрецедентно большое количество женщин. В годы войны, советские женщины, в том числе и женщины Казахстана, под влиянием надвигающейся угрозы, превратились в сильную часть общества, способную вынести все тяготы военного времени на своих плечах. В статье рассматриваются проблемы советской и постсоветской историографии о роли женщин Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Показаны специфика советских и постсоветских исследований. Отмечается то, что, несмотря на рост интереса исследователей к этой теме в последние годы, история участия женщин в Великой Отечественной войне в целом остается не достаточно раскрытой. Предполагается, что использование гендерного подхода, позволит адекватно оценить многие социокультурные, экономические и политические проблемы войны и ее последствия.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Казахстан, историография, гендер, трансформация, фронт, тыл, мобилизация, повседневная жизнь, героизм.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс/Ұлы отан соғысы туралы кеңестік, посткеңестік, шетелдік зерттеушілермен көптеген еңбектер жазылған. Дегенмен, жарық көрген монографиялар, мақалалар, мемуарлар мен соғыс тақырыбындағы құжаттар жинағының санына қарамастан соғыс жылдарындағы әйелдердің рөліне терең талдау жасаған арнайы еңбектер жоқ. Бұл жағдайдың өзінде де басты назарды тек әйелдердің үлесіне ғана емес, оларды осындай ерлікке итермелеген, түрткі болған нәрселер тұрғысынан әйелдердің психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерінен шыға отырып зерттелуі қажет.

Дүниежүзілік соғысқа сандаған әйелдер қатысқан XX ғасыр, тарихшыларға гендерлік зерттеулерге бағыт алуға зор мүмкіндік туғызып отыр. Ұлы отан соғысына әйелдер белсенді түрде қатысты, статистикаға сүйенсек шамамен 800 мың әйел. Оның 150 мыңнан астамы жаумен шайқастағы ерлігі мен жаужүректігі үшін арнайы орден, медальдармен марапатталды, ал 86 әйел Кеңес Одағының Батыры атағы деген ең биік мәртебеге ие болды [1, с. 291]. Кеңес одағы Батыры даңқына ие болған отандастарымыз Мәншүк Маметова мен Әли Молдағұловалар үлкен мақтанышымыз.

Соғыс жылдары кеңестік әйелдер, соның ішінде қазақстандық әйелдер төніп тұрған қауіп ықпалынан соғыс тауқыметінің ауыр жүгін арқалауға қабілетті болған қоғамның мықты бөлшегіне айналды.

Ұлы отан соғысына әйелдердің қатысуы тарихының зерттелуі мәселелері әртүрлі аспекті тұрғысынан ғылыми қызығушылық тудыруы мүмкін, ал ол өз кезегінде зерттеушілер алдында зерттеу мен зерттеу әдістерін таңдауда және теориялар мен гипотезалар принциптерін құруда кең мүмкіндіктер ашады. Зерттеудің әдістемелік негізі – екінші дүниежүзілік соғыс/Ұлы Отан соғысының Қазақстандағы гендерлік аспектілерін нақты тарихи жағдаймен байланыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік беретін тарихилық принцип болады.

Тарихшылар Ұлы отан соғысы кезеңіне гендерлік тұрғыны пайдалану арқылы экстремалды жағдайда әйелдердің тәжірбиесі еркектердікімен қалай сәйкестенгенін және бұл өзара ықпалдастық қандай деңгейде мәдени стереотиптерді, нормалар мен ұқсастықтарды қалыптастырғанын талдауға мүмкіндік алады.

Кеңестік тарихнама ерекшеліктері

Кеңес Одағында мемориалды саясат «Ештеңе ұмытылмайды, ешқашан ұмытылмайды» ұранымен жүзеге асты. Соған қарамастан Ұлы отан соғысына арналған тарихи әдебиеттерде өз саңлаулары болды. Осыған орай шешім қабылдау барысында нені есте сақтау керек екендігін, неге күдікпен қарау екендігін айқындауда жетекші рөлді тарихшылар ғана емес партия да атқарды.

Кеңестік тарихнама үшін ер мен әйелдің теңдігі туралы мәселе шешілген міндет деп танылды. Соған қарамастан, «жыныстар теңдігі»

деген түсініктің өзі де өзгеріске ұшырап жатқан. ТЕНДІК әйелдерге ана болу сияқты өздеріне тән психо-физиологиялық ерекшеліктері тұрғысынан қосымша мүмкіндіктер беруді емес, еркектер мен әйелдердің тек еңбектегі теңдігін ғана қарастырды. Бұл әрине сөзсіз әлеуметтік зардаптарға алып келді. Жалпы алғанда, тарихи еңбектерде коммунистік партияның әйелдердің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени бостандығындағы жетістіктеріне ғана мән берілді.

Соғыстың алғашқы күнінен ақ, Коммунистік партия әйелдерді мобилизациялау саясаты бойынша ойластырылған саясат ұстанды. 1939 жылы 1 қыркүйектегі «Жалпыға бірдей әскери міндеткерлік» жөніндегі Заңның 13 бабына сәйкес Қорғаныс Халық комиссары мен Әскери-теңіз флотына әскер мен флот қатарына медициналық, ветеринарлық және арнайы техникалық дайындығы бар әйелдерді тіркеп, алуға және оларды оқу жиынарына тартуға рұқсат берілді. Әскери жағдайда көрсетілген дайындықтары бар әйелдер әскер мен Флотқа қосымша көмекші және арнайы борышқа шақырыла алды.

Соғыс жылдары жарық көрген газеттің көрнекті беттерінде 8 наурыз қарсаңында «Кеңес әйелі жасасын!» ұрандары жарқырап тұды. «Кеңес әйелдері! Отан тарихының шешуші сәттерінде бар күш-жігерлеріңді неміс басқыншыларын толық талқандауға жұмсандар» -деген лозунгтар кең тарады. Назар аудартатыны тіпті сғыс жылдары да «партия, кеңес, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының» өндіріс стахановшыларымен, майдангерлер әйелдерінің белсенділерімен және кеңстік зиялылармен салтанатты мәжілістері өтіп отырған. Соған қарамастан, әйелдердің күнделікті өмірі, соғыс тауқыметімен байланысты ауыр тағдырлары, мұң-мұқтаждары мен қайғылары, жан аямай ақтарған істері тарихи тұрғыдан аз зерттелгенін көруге болады.

Кеңестік тарихнамада В.С. Мурманцева, Н.И. Кондакова, А.И. Польскаялардың соғыстағы кеңес әйелдерінің роліне арнап жазған еңбектерін атап өтуге болады (Мурманцева, 1974:264; Кондакова, 1976; Польская, 1971). Аталған еңбектерде бай архив құжаттары негізінде әйелдердің тылдағы, майдандағы, партизандық қозғалыстардағы үлесі жан-жақты қарастырылған. Мурманцева өз еңбегінде жалпыодақтық материал негізінде соғыс жылдарындағы әйелдердің шексіз адалдығын, отанға деген ерекше сүйіспеншілігін, ерлігін

айқын көрсете алған. Дегенмен автор екінші басылымның алғы сөзінде аталған мәселенің ғылыми-теориялық жағынан әлі де толық ашылмағанын атап көрсетеді (Мурманцева, 1979:5).

Орталық Азия әйелдерінің соғыс жылдарындағы ерлігі тақырыбы Я. Давлятова, З.Ф. Ибрагимовна, Н.П. Животовская сынды зерттеушілердің кандидаттық диссертацияларына арқау болды (Давлятова, 1949; Ибрагимова, 1953; Животовская, 1963). Қазақстанда осы тақырып аясында қалам сермеген Г.Д.Нурбекова болды (Нурбекова, 1964).

Қазақстанда Ұлы отан соғысы туралы алғашқы жарияланымдар соғыс кезінде –ақ жарық көре бастады. Салыстырмалы түрде алғанда бірқатар зерттеулерде Ұлы отан соғысындағы Қазақстанның ролі, жұмысшы табының, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің еңбектегі ерлігі біршама жақсы ашылған. Жалпы соғыс тақырыбында қорғалған Т. Мурзабекова, Б. Исаковтардың кандидаттық диссертацияларында соғыс жылдарындағы жұмысшы табының еңбектегі ерлігі кеңінен талдана отырып, әйелдердің үлесі туралы да баяндалды (Мурзабекова, 1954; Исакова, 1955). Дегенмен, аталған еңбектердің барлығы партиялық көзқарас тұрғысынан зерттеліп талданды.

XX ғасырдың 60-70 жылдары М.К. Қозыбаев, А.Н. Нусупбеков, Т.Б. Балакаева, П.С. Белан, К.С. Алдажуманов және тағы басқалар секілді танымал қазақстандық ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан біртұтас ғылыми бағыт қалыптасты. Әсіресе, профессор М.Қ. Қозыбаевтың іргелі монографиялық зерттеулерінің ғылыми маңызы зор. Өз зерттеулерінде автор, соғыс жылдарындағы әйелдердің роліне ерекше мән беріп, республика шаруашылығын соғыс жағдайына бейімдеудегі және қала мен ауыл тұрғындарын мобилизациялаудағы, Қазақстанның соғыс арсеналына айналуындағы үлесі мен белсенділігін талдап көрсеткен (Қозыбаев, 1970). Сонымен қатар, автор республика әйелдерінің ауылшаруашылығы мен өнеркәсіптегі еңбектегі ерлігін, әсіресе ауыр өнеркәсіп саласындағы «ерлер» кәсіптерін игеріп кетуін баяндайды. Соғыс жылдарындағы Халық шаруашылығындағы жұмысшы кадрлардың өсуі негізінен әйелдердің есебінен жүргендігі ашып көрсетіледі.

Соғыс жылдарындағы Қазақстандағы ауылшаруашылығының дамуы Т.Б. Балакаева зерттеулерінде терең талданған (Балакаева, 1971). 1941-1945 жылдардағы Қазақстандағы кол-

хоз құрылысынан қалам тартқан ғалым ауыл шаруашылығындағы әйелдердің ерен еңбегіне «Әйелдер – колхоз өндірісінің негізгі күші» деген тарау арнап, әйелдер арасындағы жұмысқа бағытталған бөлімдер жұмысын да қамтыған салмақты еңбек жазып шығады.

Әйелдердің Ұлы отан соғысы жылдарындағы үлесі туралы жазылған іргелі еңбектердің бірі Г. Нұрбекованың алғаш рет 1968 жылы басылып, 1988 жылы қайта жарияланған еңбегі (Нұрбекова, 1968:). Бұл еңбек Ұлы отан соғысы тұсындағы кеңес әйелдерінің, әсіресе Қазақстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығындағы әйел-жұмысшылардың ерен ерлігіне арналған. Автор пікірінше соғыс барысында кеңестік әйелдер ұлтына қарамастан жоғары саяси дайындық танытып, отанының алдындағы азаматтық, қоғамдық борышын абыроймен өтей алды (Нұрбетова, 1988: 168). Г. Нұрбекова негізгі мәселе әйелдердің шаруашылық тұрғыдан белсенділігінің артуына партияның тигізген әсері көбірек талданды. Жалпы әйелдердің майдандағы ерліктерінен гөрі тылдағы ерліктеріне баса назар аударылған. Әйелдер мен әйелдер кеңестері арасындағы ұйымдастырушылық және идеялық-тәрбиелік бөлімдердің жұмыстары қарастырылған.

1970 жылдары Э.С. Сегізбаеваның Ұлы отан соғысы жылдарындағы ауыл мен село әйелдерінің еңбек белсенділігін мобилизациялаудағы Қазақстан коммунистік партиясының роліне арналған еңбектері жарық көрді (Сегізбаева, 1975:). Еңбек тарихи партиялық тұрғыдан жазылғандықтан, автор, интернационализм, социалистік жарыстар, берсиевтік звенолар мен әйелдердің тракторлық бригадаларына, әйелдер кеңесінің жұмысына, балаларды асырап алу мен қамқорлыққа алу мәселелеріне мән берген.

3. Сактаганова атап көрсеткен кеңестік тарихнаманың ерекшеліктерінің бірі – қазақстандық зерттеушілер үшін территориялық және мәселелік шеңбер шектеулі болуында: қазақстандық тарихшылар тек өз республикасының аясындағы зерттеулермен ғана шектелген, арнайы шектеулер мен тиым салулар болмағанмен де белгілі бір тарихнамалық дәстүр қалыптасқан. Ол әсіресе іргелі зерттеулер, монографиялар тақырыптарын бекітуден айқын көрініс тауып отырған (Сактаганова, 2016). Көріп отырғанымыздай соғыс тақырыбындағы кеңестік тарихнама партиялық тұрғымен, тар шеңбермен шектеулі болған. Соғыстан кейінгі жылдары жарық көрген еңбектерде батыр әйел, тыл еңбеккері, соғыс алаңындағы жаужүрек образдарын қалыптастырған. Ал олардың көрген

қиыншылықтары мен тұрмыс тауқыметтері зерттеуден тыс қалып отырды.

Посткеңестік тарихнама

Посткеңестік кезеңде жалпы тарихты зерттеуге деген көзқарас өзгере бастады. Көптеген архив қорларының ашылуы, соғыс тақырыбындағы құжаттық жинақтардың шығуы ғылыми жұмыстардың сипаты мен бағытына әсер етті, методология жетілдіріліп, жаңа зерттеу әдістері талдана бастады. Осы негізде соғыс тақырыбында кең ауқымдағы зерттеу жұмыстары жалғасын тапты.

1996 жылы Г.Б. Бырбаеваның «Ұлы отан соғысы жылдарындағы Қазақстан әйелдері (тарихнама мәселесі)» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы қорғалды (Бырбаева, 1996). Әйелдердің әскери ерлігі мен еңбектегі үлесіне арналған жекелеген зерттеулер, мақалалар да жарық көрді, соның ішінде аймақтық шеңберде (Алимбаева, Жаркынбаева).

В. Шепельдің «Қазақстан әйелдері соғыс жылдарында» деген мақаласында сержанттық және қатардағы құрамдағы мобилизацияланған әйелдер саны келтіріліп, Қазақстан әйелдерінің ерлігі мен тылдағы еңбектері жақсы талданады. Әйелдердің жұмыспен қамтылуының әртүрлі аспектілері талданып, соғыс жылдарындағы ауылшаруашылығы жұмыстары мен өнеркәсіптерге мобилизациялаудың ерекшеліктері туралы қызықты мәліметтер келтіріледі. Әсіресе әйелдердің соғыс жылдары өздерін ауылшаруашылығы өндірісінің майталманы ретінде айқын көрсете алғандығы туралы ерекше атап өтіледі. 1943 жылдың 1 сәуіріне Қазақстан колхоздарының 6788 өкілінің 260 әйелдер болған екен. Осыларды талдай отырып, автор: «Қазақстан әйелдері өте ауыр жағдайда бала туып, тәрбиелеп, көбінесе өздері ашыға отырып майданға әскери өнім дайындап, астық жинап, эвакуацияланған науқастар мен жаралыларға қамқорлық көрсетіп, Ұлы жеңіске лайықты үлестерін қосты» -деген қорытындыға келеді (Шепель, 2010).

Үлкен тарихнамалық мәнге ие келесі туынды – бес томдық «Қазақстан тарихы (ежелгі дәуірден бүгінге дейін)» еңбегі. Кітаптың кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихына арналған 4-нші томында сегізінші тарау «Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан (1941-1945)» деп аталады (История Казахстана). Осы тараудың жекелеген параграфтары соғыстың басталуы мен сипаты, Ұлы Отан соғысы майдандарындағы

қазақстандықтар, қазақстандықтар партизандық қозғалыстар мен қарсыласу қозғалыстарында, Қазақстан – майданға, соғыс жылдарындағы білім, мәдениет және ғылым, халықтардың Қазақстанға депортациялануы, еңбек армиялары сынды жан-жақты мәселелерді қамтыған.

Бай деректік материалдарға, соғыс жылдары тарихы мен Жеңіске қосқан қазаанның үлесін объективті, жан-жақты зерттеуге деген талпынысқа қарамастан, аталған тарауда әйел мәселесімен байланысты бірде-бір мәселе қарастырылмаған. Әйелдерге қатысты тек қана жекелеген мысалдар мен цифрлық мәліметтер ғана берілген. Мысалы, 450 –нші бетте мобилизацияланған 1200 мың адамның 5183 әйел; 457-нші бетте ауыл шаруашылығының дамуы, еңбек борышы аясында әйелдер үлесі туралы атап өтіледі. Паша Ангелинаның әйелдерге «тракторларға мініңдер» деген үндеуі ғана беріледі. 470-нші бетте «17 жаралыны Пелагея Ивановна Брагина бастаған Юрьевск селосының комсомол қыздары тауып, емдегендігі» сипатталады. 487-нші бетте Кеңес Одағының батырлары А. Моладағұлова мен М. Маметова аттары аталады. 498-нші бетте байланысшылар Н.С. Бакина, М. Журавлева, А. Кайкова, Е. Свидлова, Н. Синкина, А. Черепанова аттары аталады. Партизандық қозғалыс аясында радист қыз Нұрғаным Бейсейтова, партизан қыздар Тұрғаш Жұмабаева, лагерьде Мая атты қызын дүниеге әкелген (508-509 бб.) Жамал Ағаділова, 510-ншы бетте Лиза Чакина есімдері аталады. 516-ншы бетте озаттар А. Мухамедиева, А. Дацкова, А. Литвишко, М. Сатыбалдина, кейін ат фермері болған табыншы Ш. Шугаипова есімдері аталса, ғылым мен мәдениеттің дамуы аясында К. Байсейтова, Г. Ұланова, Р. Бағланова, В. Марецкая мен А.М. Панкратовалар (520-521 бб) ғана аталады. Барлығы шамамен 25 әйел есімдері беріледі. Бұдан көретініміз негізгі оқулықтарымызда соғыс жылдарындағы әйел мәселесі тіптен талданбайтындығы, ой елегінен өткізілмейтіндігі. Бұл да болашақта орнын толтыруды қажет ететін мәселелердің бірі.

Ұлы отан соғысы жылдарындағы әйелдердің ролі мәселесінің тарихнамасы З.Г. Сақтағанова мен А.Ж. Смағұловалар тарапынан терең талданған. Соған қарамастан авторлар: «... қазіргі заманғы отандық тарихнамада фашизмді жеңудегі жетістіктегі Қазақстан әйелдерінің үлесін толық көлемде көрсететін еңбек жоқ» – екендігін ерекше атап көрсетеді (Сақтағанова, Смағұлова, 2015).

Негізінен соғыс тақырыбына жазылған қазақстандық зерттеулер майданға көрсетілген

көмекке, сондағы әйелдердің үлесіне, соғыс жылдарындағы халық шаруашылығының дамуы, ондағы әйелдердің үлесі секілді ғана мәселелер қарастырылып, соғыстың әлеуметтік құрылымды, қоғамдық сананы өзгертуі, мәдени мобилизация, күнделікті өмірдің трансформациялануы сынды күрделі мәселелер назардан тыс қалып отырған.

Қазіргі таңда, әйел образы, тарихшылардың басты зерттеу объектісіне айналып отыр. Әйелдердің ұстанымдық стратегиясы, гендерлік психология ерекшеліктері заманауи зерттеулерде алдыңғы қатарға шығып келеді. Бұл жерде З.Г. Сақтағанова, Ж. Тұрсынова, А.Ж. Смағұловалардың «Орталық Қазақстан әйелдері Ұлы отан соғысы жылдарында (1941-1945) атты монографиясын ерекше атап өтуге болады (Сақтағанова, Тұрсынова, Смағұлова, 2016). Тарихи деректердің кең ауқымын (архив материалдары, соғыс жылдарындағы мерзімді басылымдар, әйел-ветерандардың естеліктері және т.б.) пайдалан отырып, жқмыста мобилизациялық экономикадағы әйел еңбегінің орны ғана емес, әйелдердің күнделікті өмірінің сұлбасы жасалып, жекелеген әйелдердің өмір жолдары талданған. Монографияның бірінші тарауы мәселеге қатысты деректер мен тарихнаманы талдауға арналған. Екінші тарау соғыс майдандарындағы әйелдерге арналған. Үшінші тарауда әйелдердің күнделікті еңбек пен тылдағы ерліктері қарастырылған. Бұл еңбектің тағы бір құндылығы – қосымшаларда Ұлы отан соғысы тарихына қатысты Қарағанды облысының Мемлекеттік архиві қорларындағы фотокұжаттар, соғыс ардагерлерінің жеке қорларындағы құжаттары, Орталық Қазақстанның майдан мен тылдағы еңбеккерлері мен майдангерлерінің тізімдері берілген.

Профессор Ж. Құндақбаеваның жетекшілігімен әйелдердің өмірлік тарихы мен өмір үшін күрес стратегиясы аясында іргелі ғылыми зерттеу жобасы жүзеге асырылды. ҚР БЖҒМ тарапынан қаржыландырылған «Қоғамның түбегейлі өзгеруі: сталиндік модернизация тұсындағы Қазақстандағы әйелдердің өмірлік тарихы (1920-1930)» тақырыбындағы жоба қоғамдағы әйелдердің ролі мен олардың тұрмыстық қиыншылықтарын күнделікті тарихты зерттеу, гендерлік мәселе тұрғысынан қарастырылып, ғылымға нәтижелі зерттеулер алып келді. Зерттеудегі гендерлік тұрғы әйелдер мен еркектердің әлеуметтік жағдайындағы ерекшеліктерді талдауға бағытталған. Ал, Екінші дүниежүзілік/Ұлы Отан соғысы тари-

хының гендерлік аспектілеріне келетін болсақ, бұл мәселе зерттеушілер тарапынан тіпті қарастырылмаған. Осыған орай, посткеңестік зерттеулердің сипаттық ерекшеліктері гендерлік деп берілгенмен олар әйелдер тарихына арналған, ал ерекектер мен әйелдердің әлеуметтік айырмашылықтары талданбаған. Бұл бір жағынан түсінікті және заңды, себебі, әйелдер тарихын зерттеуде біршама олқылықтар бар.

Дәстүрлі түрде әйелдер мен еркектерге сыртқы келбеті мен өзін-өзі ұстауына қарай гендерлік рольдер тағылған, олар – әйел ролі пассивті, еркектікі – активті (белсенді). Соғыс жылдары өзін-өзі ұстауға қатысты ұстанымдары біршама өзгеріске ұшырады. Психологиялық тұрғыдан алғанда тарих батылдық таныту мен қатар қорқақтық таныту да еркектерде де әйелдерде де бірдей кездескендігін көрсетеді.

1990 жылдардан бастап барлық посткеңестік мемлекеттерде гендерлік зерттеулер кең етек ала бастады. гендерлік факторды ескере отырып, заманауи әлеуметтік-саяси мәселелерді талдау бағытталған көптеген мақалалар, монографиялар жарық көріп, диссертациялар қорғалып, көптеген конференциялар мен дөңгелек столдар ұйымдастырылды. Дегенмен гендерлік ретроспективті зерттеулер қатары аз. Оған әлі де болса осы мәселеге қатысты архив релевантты құжаттары мен басқа материалдардың қол жетімді болмауы себеп болуы мүмкін.

Қорытынды

Осылайша аталған тақырыпқа деген зерттеушілердің қызығушылығының артуына қарамастан әйелдердің Ұлы отан соғысына қатысуы мәселесінің көптеген аспектілері жеткілікті ашылмай отыр. Ұлы отан соғысы тарихындағы әйелдердің ролін зерттеуде әйелдердің үлесі тек қана майданда ғана емес, тылда да болғандығын және тыл еңбеккерлерін де майдангерлердей құрметтеу қажет екендігін назардан тыс қалдырмау қажет. Әсіресе

қолына қару алып майданда жүрмесе де өзінің қажыр қайратымен, төзімімен жеңіске зор үлес қосқан аналарымыздың еңбегіне мән берілу керек. Далалық асханалардағы аспаздар, кір жуушылар мен кір жуғыш дизенфекциялаушылар қатарындағылар, метеорологтар, жөндеу шеберханаларының ұсталары, кеңсе қызметкерлері (машинисткалар, связистер (байланысшылар), аудармашылар және т.б.) негізіне әйелдер болған.

Осыған орай, қоғам өмірінде орын алған бірқатар маңызды факторларға назар аудару қажеттігі байқалады:

– Майдан мен тылдағы әйелдер, өнеркәсіп пен халық шаруашылығына атртылғандар мен майданда қолына қару алып ерлік көрсеткендердің жеке тарихы;

– Әйелдердің әртүрлі бағыттағы жұмыстармен қамтылуы;

– Еңбек еткен әйелдердің тұрмыс деңгейі мен өмір сүру жағдайы;

– Әйелдердің қоғамдағы статусы, әйел ретіндегі табиғи, физиологиялық ерекшелік тұрғысынан артықшылықтар қажеттілігі;

Әрине, ерекше зерттеуді қажет ететіні – тыл мен майдандағы батыр, қаһарман әйелдердің жалпы жетістіктері ғана емес, олардың сол бағыттағы биографиялары.

Гендерлік тұрғыдан талдау Ұлы отан соғысына қатысқандардың барлығын қамтуға, әйелдер мен еркектердің еңбек пен шайқастағы ерлігін олардың жеңіске қосқан ортақ үлесі тұрғысынан ашуға мүмкіндік береді. Ұлы отан соғысы тарихын Әйелдер мен ер азаматтардың соғысты қабылдауы, соғысқа деген көзқарасы, соғыс барысындағы әйелдердің орны мен роліне баға беру тұрғысынан сипаттау тақырып аясындағы зерттеулерге жаңа серпіліс береді.

Мақала «Майдан/тыл: Қазақстан мен Ресей тарихындағы Екінші дүниежүзілік/Ұлы Отан соғысының гендерлік аспектілері» атты іргелі жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер

- Алимбаев Т. А. Вклад женщин Казахстана в победу в Великой Отечественной войне <http://group-global.org/kk/node/57874>
 Бырбаева Г. (1996) Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Алматы. 90б.
 Давлятова Я. (1949) Женщины – туркмены в годы Великой Отечественной войны. Ашхабад,
 Животовская Н.П. (1963) Трудовые подвиги женщин Киргизии в годы Великой Отечественной войны. Москва
 Жаркынбаева Р.С. (2017) Великая Отечественная война: социокультурная память и мемориативные практики в постсоветском Казахстане (Гендерный аспект) // Женщина в российском обществе. Алматы, № 1 (82), С. 103-116
 Ибрагимова З.Ф. (1953) Коммунисты Узбекистана- организаторы патриотических подвигов женщин республики в период Великой Отечественной войны. Москва

- История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) (2006). В 5-ти томах. Т. 4. Алматы
- Козыбаев М.К. (1969) Казахстан-арсенал фронта. Алма-Ата, 475 с.
- Кондакова Н.И. (1976) Трудовой подвиг советских женщин в годы Великой Отечественной войны // Великая Победа советского народа. 1941-1945. Москва
- Мурманцева В. С. (1974) Советские женщины в Великой Отечественной войне. Москва, 264 с.
- Нурбекова Г. (1968) Женщины Казахстана фронту: Трудовые подвиги женщин в промышленности Казахстана в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. Алма-Ата
- Нурбекова Г. (1988). Трудовые подвиги женщин в промышленности Казахстана в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. Алма-Ата:Казахстан, 168 с.
- Польская А.И. (1971) Женщины РСФСР – фронту // Ученые записки Волгоградского педагогический институт. Волгоград, Выпуск 39, С. 3-51;
- Сатаганова З.Г., Турсынова Ж.Ж., Смагулов А.Ж. (2016) Женщины Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны. 1941–1945 гг. Караганда: Изд-во КарГУ, 256 с.
- Сегизбаева Э.С. (1975) Опыт компартии Казахстана по мобилизации трудовой активности и идейно-политическому воспитанию тружениц аула и деревни в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). Алма-ата
- Шепель В.Н. (2010) Женщины Казахстана в трудные военные годы. Мысль, №3, С. 98-100

References

- Alimbaev T.A. Vklad zhenshin Kazakhstana v pobedy v Velikoi Otetshestvennoi voine (Contribution of women of Kazakhstan to victory in the Great Patriotic War) <http://group-global.org/kk/node/57874>
- Byrbaeva G. (1996) Zhenshiny Kazakhstana v Gody Velikoi Otetshestvennoi voiny (Women of Kazakhstan during the Great Patriotic War). Almaty. 90b.
- Davliatova I.A. (1949) Zhenshiny –typkmeny v Gody Velikoi Otetshestvennoi voiny (Women -Turkmen in the Great Patriotic War). Ashkhabad,
- Zhivotovskaia N.P. (1963) Trydovye podvigi zhenshin Kirgizii v Gody Velikoi Otetshestvennoi voiny (Labor feats of women in Kyrgyzstan during the Great Patriotic War). Moskva
- Zharkynbaeva P.S. (2017) Velikaia Otetshestvennaia voina: sotsiokulturnaia pamiat i kommempativnye praktiki v postsovetskom Kazakhstane (Gendepnyi aspekt) The Great Patriotic War: socio-cultural memory and commemorative practices in post-Soviet Kazakhstan (Gender aspect)// Zhenshina v rossiiskom obshestve. Almaty, № 1 (82), S. 103-116
- Ibrahimova Z.F. (1953) Kommynisty Uzbekistana- organizatory patpiotitsheskikh podvigov zhenshin pespybliki v pepiod Velikoi Otetshestvennoi voiny (Communists of Uzbekistan – organizers of patriotic feats of women of the republic during the Great Patriotic War). Moskva
- Istoria Kazakhstana (2006) (s drevneishih vremen do nashih dnei). V 5-ti tomah. T. 4. – Almaty
- Kozybaev M.K. (1969) Kazakhstan-apsenal ffronta (Kazakhstan is the arsenal of the front). Alma-Ata, 475 s.
- Kondakova N.I. (1976) Trydovoi podvig sovetskikh zhenshin v Gody Velikoi Otetshestvennoi voiny // Velikaia Pobeda sovetskogo naroda (Labor feat of Soviet women during the Great Patriotic War // The Great Victory of the Soviet people). 1941-1945. Moskva
- Murmantseva V. S. (1974) Sovetskie zhenshiny v Velikoi Otetshestvennoi voine (Soviet women in the Great Patriotic War). Moskva, 264 s.
- Nurbekova G. (1968) Zhenshiny Kazakhstana fronty: Trydovye podvigi zhenshin v ppromyshlennosti Kazakhstana v Velikoi Otetshestvennoi voine 1941-1945 gg. (Women of Kazakhstan to the front: Labor exploits of women in the industry of Kazakhstan in the Great Patriotic War of 1941-1945)Alma-Ata
- Nurbekova G. (1988). Trydovye podvigi zhenshin v promyshlennosti Kazakhstana v Velikoi Otetshestvennoi voine 1941-1945 gg. (Labor exploits of women in the industry of Kazakhstan in the Great Patriotic War of 1941-1945) Alma-Ata:Kazakhstan, 168 s.
- Polskaia A.I. (1971) Zhenshiny RSFSR – fronty (Women of the RSFSR – to the front)// Utshenye zapiski Volgogradskogo pedagogitsheski instityt. Volgograd, Vypusk 39, S.3-51;
- Sataganova Z.G. Tursynova Zh.Zh., Smagulov A.Zh. (2016) Zhenshiny Tsentpalnogo Kazakhstana v Gody Velikoi Otetshestvennoi voiny 1941–1945 gg. (Women of Central Kazakhstan during the Great Patriotic War. 1941-1945) Karaganda: Izd-vo KarGY, 256 s.
- Segizbaeva E.S. (1975) Opyt kompartii Kazakhstana po mobilizatsii trudovoi aktivnosti I ideino – politisheskomu vospitaniiu truzhenits aula I derevni v gody velikoi Otetshestvennoi voiny (1941-1945 gg.) (The experience of the Communist Party of Kazakhstan in mobilizing labor activity and ideological and political education of the village and village toilers during the Great Patriotic War (1941-1945)). Alma-ata
- Shepel V.N. (2010) Zhenshiny Kazakhstana v trudnye voennye Gody (Women of Kazakhstan in difficult war years). Mysl, №3, S.98-100